

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман және өсімдіктер ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 19/228-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 5627 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2024 № 19/154-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің 587-бабының 1, 3-тармақтарына, 588-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман және өсімдіктер ресурстарын пайдаланғаны үшін мынадай төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес шайыр мен ағаш шырындарын дайындау үшін;
- 2) 2-қосымшаға сәйкес қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес орманды жанама пайдалану үшін;

4) 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыруға, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарға, аңшылық шаруашылығының мұқтаждығына пайдаланғаны үшін;

5) 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық көшеттер өсіруге пайдалану үшін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2024 № 19/154-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. 6 қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,
Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы

В. Головатюк

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2018 жылғы 12 сәуірдегі
№ 19/228-VI шешіміне 1 қосымша

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде пайыр мен ағаш шырындарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі (АЕК)
1. Шайыр дайындау (қылқан жапырақты)			
1	Ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде	тонна	20,0
2. Ағаш шырындарын дайындау (жапырақты)			
2	Ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде	тонна	1,5

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2018 жылғы 12 сәуірдегі
№ 19/228-VI шешіміне 2- қосымша

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. 2-қосымша жана редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2024 № 19/154-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Ағаш-бұта түрлерінің атауы	Қосалқы ағаш ресурстарының түрлері (АЕК)				
		Қабығы, тонна	Бұтақтар, жималы текше метр	Томарлары, тамырлары, жималы текше метр	Ағаштар мен бұталардың бүршіктері, кг	Жапырақтары, тонна
1	Қарағай	0,21	0,42	0,011	0,021	0,21
2	Шренк шыршасы	0,27	0,54	0,014	0,027	0,27
3	Сібір шыршасы, майқарағай	0,16	0,32	0,008	0,016	0,16
4	Самырсын	0,15	0,30	0,008	0,015	0,15
5	Балқарағай	0,23	0,46	0,012	0,023	0,23
6	Ағаш тектес арша	0,27	0,54	0,014	0,027	0,27
7	Емен, шаған	0,41	0,82	0,021	0,041	0,41

8	Қ а р а қандыағаш, үйеңкі, шегіршін, жөке	0,14	0,28	0,007	0,014	0,14
9	Сексеуіл	0,60	1,20	0,030	0,060	0,60
10	Қайың	0,16	0,32	0,008	0,016	0,16
11	Көк терек, ағаш тектес тал, терек	0,11	0,22	0,006	0,011	0,11
12	Грек жаңғағы, пісте	0,35	0,70	0,018	0,035	0,35
13	Өр і к , аққараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар	0,23	0,46	0,012	0,023	0,23
14	Ар ша , самырсын өскіні	0,18	0,36	0,009	0,018	0,18
15	Жыңғыл	0,25	0,50	0,013	0,025	0,25
16	Сары қараған, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел және өзге де бұталар	0,12	0,24	0,006	0,012	0,12

Ескертпе: Майқарағай мен қайыңның бұтақтарын дайындау бөлінген кеспеағаш аймағындағы кесілген ағаштардан дайындалады.

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2018 жылғы 12 сәуірдегі
№ 19/228-VI шешіміне 3-қосымша

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды жанама пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2024 № 19/154-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

					АЕК төлемдер, тегін нормалар
--	--	--	--	--	---------------------------------

№ р/с	Орман пайдалану түрлері және ресурстар	Шикізат түрі	Өлшем бірлігі.* **	Жеке тұлғалар үшін тегін жинау мен дайындау нормасы****	және коммерциялық мақсатта пайдалану кезінде өлшем бірлігі.
1. Дайындау және жинау:					
1) жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер					
1	Балқарағай жаңғағы*	таза жаңғақ *	кг	10	0,008
2	Шекілдеуікті, сүйекті жемістер (долана, шәңгіш, шетен, мойыл және т.б.)	жемісі	кг	10	0,03
3	Саңырауқұлақтар	сағағы	кг	25	0,02
4	Жидектер (құлпынай, таңқурай, қарақат, қара жидек және т.б.)	жидегі	кг	15	0,03
* Ескертпе: Балқарағай бүршігін таза жаңғаққа аудару кезінде 3/1 коэффициенті қолданылады.					
2) дәрілік өсімдіктер					
1	Батпақ иірі	тамыры	кг	6	0,02
2	Қалың жапырақты шағыр	шөбі	кг	3	0,02
3	Құм салаубасы	гүлі	кг	3	0,04
4	Кіші маралоты	шөбі	кг	5	0,02
5	Бұрыш самалдық (су бұрыш)	тамыры	кг	5	0,02
6	Айланшөп самалдық	тамыры	кг	5	0,03
7	Құс самалдық (таспа жоңышқа)	тамыры	кг	5	0,03
8	Биік андыз	тамыры	кг	3	0,03
9	Дәрілік балдырған	тамыры	кг	5	0,01

10	Кәдімгі жұпаргүл	шөбі	кг	3	0,02
11	Шілтер жапырақты шайқурай	шөбі	кг	3	0,03
12	Жіңішке жапырақты күреңот (иван - шай)	шөбі	кг	4	0,01
13	Қос үйлі қалақай	шөбі	кг	3	0,01
14	Дәрілік қандышөп	тамыры	кг	3	0,02
15	Тиынтақ	шөбі	кг	2	0,08
16	Шегіршін жапырақты тобылғы	шөбі	кг	3	0,01
17	Алты күлтелі тобылғы	шөбі	кг	3	0,01
18	Тік тұратын қазтабан	шөбі	кг	3	0,01
19	Дәрілік балшытыр	шөбі	кг	2	0,08
20	Көктемгі шешек гүлі	шөбі	кг	2	0,02
21	Үлкен бақа жапырақ	шөбі	кг	3	0,02
22	Ащы жусан	шөбі	кг	3	0,01
23	Жұмыршақ (кәдімгі)	шөбі	кг	3	0,01
24	Көкшіл шөп	тамыры	кг	2	0,04
25	Тегіс мия	тамыры	кг	2	0,03
26	Үлкен сүйел шөп	шөбі	кг	3	0,02
27	Кәдімгі мыңжапырақ	шөбі, гүлі	кг	2	0,02
28	Кәдімгі құлмақ	гүлі	кг	5	0,02
29	Үлкен сүйел шөп	шөбі	кг	3	0,02
30	Үштармақ итошаған	шөбі	кг	3	0,01
31	Қымыздық	шөбі	кг	3	0,02
32	Қырықбуын	шөбі	кг	5	0,03
33	Қос масақты қылша	шөбі	кг	4	0,02
34	Қайың саңырауқұлағы (чага)	жеміс денесі	кг	4	0,0016

Тізімде көрсетілмеген өсімдіктер үшін				
шөптер, гүлдер, жапырақтар, сабақтар мен өскіндер, жемістер		кг	3	0,02
бүршік, тамыр		кг	3	0,05
Ескертпе: Орман Кодексіне сәйкес сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік түрлерін жинауға және дайындауға тыйым салынады.				
2. Техникалық шикізатты дайындау				
1	Мумие алу үшін шикізат	кг	-	0,08
2	Мүк	кг	3	0,05
3	Орман төсеніші және түскен жапырақтар	Жиналмалы текше м.	-	0,05
4	Қамыс	Жиналмалы текше м.	-	0,1
5	Ши және оның басқа да тұқымдастары	Жиналмалы текше м.	-	0,05
6	Жабайы тұяқтылардың тасталған мүйіздері	кг	-	0,1
*** Ескертпе: Есепке алу үшін жаңа жиналған түрдегі салмақ қабылданады.				
****Ескертпе: Жеке тұлғалар үшін тегін жинау және дайындау нормасы бару кезінде болу ұзақтығына қарамастан мемлекеттік орман қорының аумағына бір рет баруға қолданылады.				
3. Шөп шабу				
№ р/с	Сапалық жағдайы (өнімділік)	Өлшем бірлігі.		АЕК мөлшері*
1	Жақсы (8 ц / га және одан жоғары)	га		0,12
2	Орташа (5 тен 8 ц/га дейін)	га		0,09
3	Нашар (5 ц/га дейін)	га		0,07
4. Мал жаю				
№ р/с	Сапалық жағдайы	Өлшем бірлігі		АЕК мөлшері*
1	Сапа және жағдайы барлық түрлері үшін	га		0,07
*Ескертпе: 1 га мал жаю нормасын ескере отырып (ересек ірі қара мал -1,5 га, жас ірі қара мал -0,75 га, жылқы -1,0 га, ересек қой мен ешкі - 0,75, қозы – 0,25 га, түйе - 1,5 га.;				
Төлем мөлшерлемесі жазғы (15 сәуірден 15 қазанға дейін) және қысқы (15 қазаннан 15 сәуірге дейін) маусымдарға бөлек қолданылады.				
5. Омарталар мен ара ұяларын орналастыру				
№ р/с	Пайдалану түрі	Өлшем тірлігі		АЕК мөлшері
1	Қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде омарталар орналастыру	100 текше метр		0,01
2	Ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде омарталар орналастыру	га		1,0
6. Марал шаруашылығы				
1	Марал шаруашылығы (жылына)	га		0,07
Аудан бірлігінде марал құрамының нормативтік тығыздығын ескере отырып.				

7. Аң шаруашылығы			
1	Аң шаруашылығы (жылына)	га	0,9
Аудан бірлігінде жануарларды ұстаудың нормативтік тығыздығын ескере отырып.			
8. Бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру			
1	Бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы	100 кв.м.	0,05
2	Өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру	га	0,15

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2018 жылғы 12 сәуірдегі
№ 19/228-VI шешіміне 4-қосымша

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыруға, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарға, аңшылық шаруашылығының мұқтаждығына пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2024 № 19/154-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	АЕК мөлшері
1. Қысқа мерзімді орман пайдалану			
1	Мәдени - сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар	га	1,0
2. Ұзақ мерзімді орман пайдалану			
1	Аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы үшін:		
1)	аңшылық алқаптарын пайдаланғаны үшін;	га	тегін
2)	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру үшін (		0,01

	күзетші үйі, аңшы үйі, шаруашылық құрылыстар)	100 текше метр	
2	Мәдени - сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар	га	1,0

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2018 жылғы 12 сәуірдегі
№ 19/228-VI шешіміне 5 қосымша

Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық көшеттер өсіруге пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

№ р/с	Пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Айлық есеп көрсеткішіндегі төлемақы мөлшерлемелері
1. Ұзақ мерзімді орман пайдалану			
1	Ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық көшеттер өсіруге	га	тегін

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2018 жылғы 12 сәуірдегі
№ 19/228-VI шешіміне 6 қосымша

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. "Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорының учаскелеріндегі орманды пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/226- IV шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2522, 2010 жылғы 1 ақпанда "Дидар", 2010 жылғы 2 ақпанда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланды).

2. "Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорының учаскелеріндегі орманды пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/226-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 17/202-V шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3133, 2013 жылғы 30 желтоқсанда "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 7 қаңтарда "Рудный Алтай", 2014 жылғы 10 қаңтардағы "Дида" газеттерінде жарияланды).

3. "Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорының учаскелеріндегі орманды пайдалануға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/226-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2/18-VI шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 4554, 2016 жылғы 3 маусымда "ҚР НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде, 2016 жылғы 6 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды).